

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ РЕКТОРЫНЫҢ 2023-2024 ОҚУЖЫЛЫНДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Қызылорда «Болашақ» университеті 1995 жылы Мәскеу Халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университетінің Қызылорда филиалы ретінде ашылды. Ал, 1999 жылы филиал дербес жоғары оқу орны – Қызылорда экономика, статистика және информатика Университеті болып қайта құрылып, орта, жоғары, жоғары білімнен кейін және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік лицензияға сәйкес жұмысын бастады. Осы жылы университет базасында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Қызылорда филиалы ашылды.

2001 жылы университет «Болашақ» Университеті болып қайта құрылды және оның жанынан колледж ашылды. 2013 жылы «Болашақ» медициналық колледжі лицензия алып, жұмысын бастады.

Қазіргі таңда Қызылорда «Болашақ» университеті заманауи талаптарға сай кампусы бар іргелі оқу орны. Кампуста ауданы 21000 шаршы метр болатын 14 қабатты бас оқу-әкімшілік ғимараты, 300 орындық асхана, 200 орындық кітапхананың оқу залы, спорт-сауықтыру кешені, мәдени-ағарту іс-шараларын өткізуге арналған 500 орындық атриум залы, 800 орындық 2 жатақхана, 2 қысқы бақ, 8 блоктан тұратын 4 орталық жылы жай кешені (аумағы 1 га) бар.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін «Болашақ» ғылыми-зерттеу институты, Арал-Сырдария бассейнінің экология және биоресурстар ғылыми-зерттеу институты, Арал-Сырдария бассейнінің экология және биоресурстар ғылыми-зерттеу институтының Арал филиалы жұмыс жасайды. Ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың нәтижелері «Болашақ университетінің Хабаршысы» журналында жарияланады.

Университетте оқу үдерісін ұйымдастыру және қамтамасыз етудің нормативтік-құқықтық негізін ҚР Конституциясы, «Білім» туралы және «Ғылым туралы» Заңдар, ҚР басқа да заңнамалық актілері, ҚР Үкіметінің білім беру қызметін реттейтін Қаулылары, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтары, университет Жарғысы, Ішкі еңбек және оқу тәртібі Ережелері, Ғылыми Кеңес шешімдері, Академиялық саясат, Университеттің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары, ректордың бұйрықтары мен өкімдері құрайды.

Қызылорда «Болашақ» университеті бакалавриат, магистратура оқыту деңгейлері бойынша 2023 ж. «Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінен (IQAA)» Халықаралық институционалдық аккредиттеуден өтті.

2023-2024 оқу жылында бакалавриаттың 15 білім беру бағдарламасы «Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінен (IQAA)», магистратураның 4 білім беру бағдарламасы «Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығы» коммерциялық емес мекемесінен мамандандырылған аккредитациядан өтті.

Университет құрамында 2 жоғары мектеп, 8 кафедра бар. Бакалавриаттың 35 білім беру бағдарламасы, магистратураның 9 білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлау жүргізіледі.

Есеп беріп отырған уақытта университеттің білімалушылар контингенті 4434 білім алушыны құрады, оның ішінде: «Білім беру және педагогика» жоғары мектебі бойынша–3055, «Бизнес,техника және технология» жоғары мектебі бойынша–1379, әкім гранты–10, «Қазақстан халқына» қорының гранты–10.

Университеттегі қызметкерлер саны 330-ды құрады, оның 196-сы– оқытушы-профессор. Оның ішінде: негізгі штаттағы–147, сыртқы қоса атқарушы–49,ғылым докторы–15, ғылым кандидаты–60, PhD–3, магистр – 66, шетелдік оқытушы – 7,практик-оқытушы – 27, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР Құрметті Кітапханашысы, ҚР Мәдени қайраткері, ҚР Білім беру ісінің үздігі атағы барлар – 12, дәрежесі жоқ – 37. Оқытушы-профессорлардың әлеуеті біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Тәжірибе жүргізу мен білімгерлермен алмасуда және заманауи халықаралық білім бағдарламаларын жүзеге асыруда түрлі халықаралық жоғарғы оқу орындары мен ынтымақтастық орнатылған. Оқу үдерісіне шетелдік ғалымдарды тарту жұмыстары жалғасын тауып отыр.

2023-2024 оқу жылындағы жағдай бойынша отандық, шетелдік серіктестер мен халықаралық сипаттағы өзара ынтымақтастық және Ғылыми-білім беру ынтымақтастығы туралы16 келісімге қол қойылды.

Сәуір айында Қызылорда «Болашақ» университетіне Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің елшілері және Сыртқы істер министрлігінің өкілдері келді. Кездесу барысында елшілер өз мемлекеттеріндегі ЖОО қол жетімділігін айта отырып, білім ошақтарының ынтымақтастықта болып, өзара білім алмасулары үшін «Болашақ» студенттерін өз елдеріне оқуға шақырды.

Жоғары оқу орнында қонақ дәрістер өткізу дәстүрлі түрде жалғасын тапты. Мысалы: Ш. Есенов атындағы Каспий технология және инжиниринг университеті «Мұнайхимиялық инжиниринг» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., PhD М.Қ. Қаражанова Қызылорда «Болашақ» университетінің білім алушыларына «Құрлықта, теңізде мұнай газ кен орындарын игеру және пайдаланудың заманауи техникасы мен технологиясы» тақырыбында, Ақтөбе Қазақ-Орыс Халықаралық университеті «Техникалық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, магистр А.У. Курманова 6B07501- «Стандарттау, сертификаттау және метрология» (салалар бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 3 курс білім алушыларына «Сертификаттау» пәнінен жұмыс оқу жоспарына сәйкес «Сертификаттау және сәйкестікті растау негіздері» тақырыбында, Тұран университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты С.Б. Қуанова «Жоғары оқу үдерісінде жаңа педагогикалық технологиялар мен оқыту стратегияларын жүзеге асыру» тақырыбында, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Л.Б. Бердіғожин «Қазақстан тарихы ғылымы тәуелсіздік

жылдарында (1991-2023 ж.ж.)» тақырыбында, «Ы.Жахаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ-нің» бас ғылыми қызметкері, техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі С.Ы. Өмірзақов «Аймақтың су шаруашылығы проблемалары және экологиялық аспектілері» тақырыбында, «Экономика, аудит, бизнес және басқару» кафедрасының білім алушыларына «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау» тақырыбы бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, э.ғ.к. А.Ж. Наурызбаев, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, э.ғ.к. М. Өмірзақова «Кәсіпкерлер-жасампаз инноваторлар» тақырыбында т.б. қонақ дәрістер өткізді.

Шетелдік әріптестердің өткізген қонақ дәрістерін атап өтер болсақ,Қырғызстан мемлекетінің Касым Тыныстанов атындағы Ысык Көл мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Т.А.Байтикова «Инклюзивтік білім беру проблемаларын шешу жолдары» тақырыбында, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Ч.А. Курманалиева «Ғаламға жол әліппеден басталады»тақырыбында, психология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Т. Чолпонкулова «Мектепке дейінгі білім беруде психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбында, Ташкент қаржы институтының профессоры, э.ғ.д. А.А. Омонов «Өзбекстанның банк жүйесін мысалға ала отырып турбуленттілік жағдайында коммерциялық банктер активтерінің сапасын арттырудың және тұрақты қаржы ресурстарын тартудың өзекті мәселелері» тақырыбында, Америка Құрама Штатындағы Снапчат компаниясының инженер-бағдарламашы маманы Н.Т. Әмір «АҚШ үздік компанияларында ІТ саласы бойынша қызмет ету тағылымдамасымен бөлісу» тақырыбында онлайн қонақ дәрістер оқыды.

Ташкент қаржы институтының студенттері мен профессор-оқытушыларына «Экономика, аудит бизнес және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к. Г. Жүсіпова «Тайм-менеджмент. Уақытты қалай тиімді басқаруға болады» тақырыбында, «Инжиниринг және логистика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Е.Т. Қодар Ақтөбе халықаралық қазақ-орыс университетінің 6B07511-«Стандарттау, сертификаттау және метрология» (салалар бойынша) білім беру бағдарламасының білім алушыларына «Квалиметрия» пәнінен «Квалиметрия пәні мен оның мазмұны және сапа көрсеткіштерінің түрлері» тақырыбында ZOOM платформасында онлайн-дәріс оқыса, «Математика және ақпараттық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, ж.ғ.м. Усайнова Г.М. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Физика және математика» кафедрасына қарасты М-22-1м оқу тобының магистранттарына «Компьютерлік математиканың бағдарламалық жүйелерін математиканы оқытуда қолдану» тақырыбында т.б. дәріс өткізді.

Түркия Республикасының құрылғанына 100 жыл толуына орай Қырғыз-түрік Манас университетінде Түркі өркениетінің IV Халықаралық конгресіне «Филология, журналистика және тарих» кафедрасының доценті,

ф.ғ.к. Ж. Нұрсұлтанқызы, ф.ғ.к., аға оқытушы А.Байдаулетова, магистр, аға оқытушы Л.Сапартаевалар қатысып, ғылыми баяндама жасады.

«Құқықтану және қоғамдық пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен өндірісті қолдау және тәжірибеге бағытталған оқытуды ұйымдасу мақсатында кафедраға қарасты «Құқықтану», «Құқық қорғау қызметі» мамандықтарында оқитын білім алушыларға «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің» (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) департаментінен департаменттің бірінші орынбасары Ашимов Асылхан Амангелдіұлы, кадр бөлімінің басшысы Мұсахан Нұржан, бас маман Қозбағарова Жанар Жалғасбайқызының қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басты шаралары» тақырыбында, «Арнайы педагогика және психология» кафедрасының ұйымдастыруымен инклюзивті қоғам қалыптастыру негізінде «Ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды қолдаудың замануи әдістері» тақырыбында кездесу, тренингтер өткізілді.

Білім алушылар мен профессор-оқытушылар арасында сыртқы, ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруда бірқатар жұмыстар атқарылды.

Ішкі академиялық ұтқырлық келесі ЖОО-мен әріптестік байланыстар негізінде жүзеге асты:

1. Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
2. Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
3. Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті,
4. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
5. Қазақ-Орыс Халықаралық университеті,
6. «Халықаралық Тараз инновациялық» институты,
7. «Баишев Университеті» мекемесі,
8. Инновациялық Еуразия университеті,
9. «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ,
10. Еуразиялық технологиялық университеті,
11. Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты,
12. Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті,
13. «Bolashaq» академиясы,
14. Орталық Азия Инновациялық университеті,
15. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
16. Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті,
17. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті КЕ АҚ т.б.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген (2018 жылғы 28 қазандағы №563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларының» 2-тарауына сәйкес, Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2023-2024 оқу жылының ІІ академиялық кезеңіне 01.04.2024 ж. мен

12.04.2024 ж. аралығында Қ. Тыныстанов атындағы Ыстықкөл мемлекеттік университетімен (Қырғызстан Республикасы, Қаракөл қаласы), 25.03.2024 ж. мен 24.05.2024 ж. аралығында Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетімен (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы), 22.04.2024 ж. мен 03.05.2024 ж. аралығында Ғылым және технология университетімен (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы), 01.04.2024-12.04.2024 оқу мерзімі аралығында Қ. Тыныстанов атындағы Ыстықкөл мемлекеттік университетімен (Қырғызстан Республикасы, Қаракөл қаласы), 22.04.2024-03.05.2024 аралығында Oriental University-мен (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы), 22.04.2024-03.05.2024 аралығында Ғылым және технология университетімен (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы), 26.03.2024-05.04.2024 аралығында Ташкент технологиялық университетімен (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы), 08.04.2024-19.04.2024 аралығында Ташкент технологиялық университетімен (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы), 22.04.2024-03.05.2024 аралығында Ташкент технологиялық университетімен (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) білім алушылар және профессор-оқытушылар құрамымен академиялық алмасулар болды.

Есеп беріп отырған мерзімде Қызылорда «Болашақ» университетінде «Ғылым, білім, технология: ХХІ ғасырдың өзекті мәселелері» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция, ғылым күніне орай «Жас ғалым-2024» атты білім алушылардың дәстүрлі республикалық ғылыми-практикалық конференциясы, «Заманауи ғылым: жаңа тәсілдер және қазіргі зерттеулер» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Конференциялар материалдары бойынша электронды жинақтар жарық көрді.

Университетте егде жастағы азаматтарды белсендіру және өзін-өзі тану мақсатында «Күміс университет» немесе «Дәуірге даярлау университеті» жобасы іске қосылды. «Күміс университет» өз жұмысын келесі бағыттарда жүзеге асырды: «Жасыл желек», «Компьютерлік сауаттылық», «Қаржылық сауаттылық» курсы, «Қазыналы қария» курстары.

Университет білім алушылары Coursera курстарына қатысып, кәсіби дағдыларын дамытуда. Оң жетістіктерге қол жеткізген олар курсты аяқтаған соң, креативті идеяларын жүзеге асырып, білімдерін практика жүзінде қолдануға талаптануда.

2023-2024 оқу жылында Арал-Сырдария бассейнінің экологиясы және биоресурстары ҒЗИ-дің жылыжайында келесі ынталы жобалар жүргізілді:

1. Көкөністер (қызанақ, қияр, тәтті бұрыш, баялды және түсті қырыққабат) түрлері және олардың будандық (F_1) сорттарының селекциясы мен өсіру технологиясын зерттеу және жетілдіру.

2. Жидекті дақыл – құлпынайдың жылыжайлық сорттарын өсірудің технологиясын зерттеу және жетілдіру.

3. Жылыжайда лимон көшеттерін өсірудің технологиясын және оның сабақ кесінділермен көбейтілуін зерттеу, оңтайлы тәсілін анықтау және жылыжай шаруашылығымен айналысатын орындарға енгізу.

4. Жылыжайда анар (гранат) жеміс ағашын өсіру технологиясын зерттеу.

5. Экзотикалық жеміс өсімдігі – маракуйяның Сыр өңірінің табиғаттық-климаттық жағдайында және жылыжайында өсірудің технологияларын зерттеу және жетілдіру.

6. Банан өсімдігін жылыжайда өсіру және көбейту технологиясын зерттеу және жетілдіру.

7. Органикалық қалдықтардан биогумус өндірудің тиімді (оңтайлы) тәсілін зерттеу, өндіріске ұсыну және енгізу жолдары.

Жоғарыда аталған ынталы жобалар және Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ-мен келісім-шарттық, Ташкент аграрлық университетімен, Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей интернатымен арадағы жасалынған Меморандумдар негізінде атқарылған шаралар нәтижелері:

1. Ғылымның интернационализациялануы төңірегіндегі жұмыстар бойынша Өзбекстан аграрлық университетіндегі лимон өсірумен айналысып жатқан ғалымдармен бірлескен мақалалар жарыққа шыға бастады.

2. Көкөністер – қияр, қызанақ, бұрыш, цитрустық жеміс – лимон, жидек өсімдігі–құлпынайды өсіру технологиясы бойынша университет ғалымдарының ұсыныстары Е. Әуелбеков атындағы №4 мамандандырылған мектеп-лицей интернаты жылыжайына енгізілді (экспертиза актілері алынды).

3.«Лимонның сабақ кесінділерінен тікпе көшеттер дайындаудың технологиясы» туралы әдістемелік нұсқаулық дайындалып, құзіретті орынға авторлық куәлік пен патент иелену үшін құжаттар тапсырылды.

Арал-Сырдария бассейнінің экологиясы және биоресурстары ҒЗИ жүргізілген лимон бойынша ғылыми-зерттеулер жұмыстарының жарық көрген жарияланымдары:

1. Nortojiyev B.Sh., Alibekova G.B., Janzakov M.M. Limon mevalarını saqlashda ularning morfometrik olchamlarını saqlanish muddatiga taʼsiri. Вестник аграрной науки Узбекистана. №6 (12/3), -Ташкент, 2023.-С.6-8

2. Nortojiyev B.Sh., Alibekova G.B., Janzakov M.M. Limon mevalarını saqlashda ularning morfometrik olchamlarını saqlanish muddatiga taʼsiri. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті. 26 қазан 2023ж. Ташкент, 2023

3. Жанзаков М.М., Алибекова Г.Б. Длимбетов М.К., Тажекеева А.К., Нортажиев Б.Ш. История происхождения, морфологические и биологические особенности лимона сорта «Мейер» тепличного комплекса Кызординского университета «Болашак». Вестник аграрной науки Узбекистана. №6(12/3), Ташкент, 2023. С.80-83

4. Жанзаков М.М., Алибекова Г.Б., Токтамысов А.М., Тажекеева А.К., Нортажиев Б.Ш. Размножение лимона молодыми отростками – черенками. Вестник аграрной науки Узбекистана. №6(12/3), Ташкент, 2023. С.77-80

5. Жанзаков М.М., Алибекова Г.Б., Тажекеева А.К., Нортожиев Б.Ш. Лимонное дерево в теплице и его органоминеральное питание. Вестник аграрной науки Узбекистана. №6(12/3), Ташкент, 2023. –С.83-87

6. Бегалиев Қ.Б., Жанзаков М.М., Буланбаева П.У., Кенжалиева Б.Т. Қызылорда облысы жағдайында бақша дақылдарын дамыту перспективасы. «Орта Азия және Қазақстанның су қауіпсіздігі мен суармалы егіншілігі: проблемалары және шешу жолдары.» халықаралық симпозиумның материалдары жинағы. Қызылорда, 2024. -С.20-24.

7. Токтамысов Ә.М. Тохетова Л.А., Жұмадилова Ж.Ш., Баимбетова Г.З. Совершенствование отдельных приемов и технологий возделывания донника и его смеси с суданской травой в условиях Казахстанского Приаралья. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Хабаршысы. Ауыл шаруашылығы ғылымдары, №4(71), 2024. -С.6-15.

2023 ж. 25 желтоқсанында университет ПОҚ-на арналған «Ғылымиметриялық Scopus базаларымен индекстелген журналдарға жариялауға арналған ғылыми мақалалар дайындау және ғылыми жобаларды әзірлеудегі негізгі принциптер» тақырыбында ғылыми семинар болып өтті. (Баяндамашылар: а-ш.ғ.д., профессор Тохетова Л.А. және Phd Баимбетова Г.З.).

2024 ж. 26 сәуірінде «2024-2026жж ГҚ (ГФ) және ЖМҚ (ПЦФ) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламаларға дайындық» атты ғылыми семинар ұйымдастырылды.

ҚР ҒЖЖБМ ғылым комитетінің 2024-2026ж ғылым және ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша ГҚ (ГФ) және ЖМҚ (ПЦФ) конкурстар өткізу жариялануына сәйкес дайындалған жобалар:

1.«Разработка технологии мелиорации земель с-х. назначения» Жетекшісі: Токтамысов Ә.М. а-ш.ғ.д.

2.«Интенсивная технология заготовки саженцев лимона в тепличных условиях методом черенкования для производства в тепличных комплексах, обеспечивающие населения страны свежими, экологически чистыми плодами этой экзотической культуры. Жетекшісі: Жанзаков М.М. а-ш.ғ.к., доцент.

Қызылорда облысының 2024-2027 жж агроөнеркәсіп кешен саласындағы 019 инновациялық жобалар конкурсына дайындалған жобалар:

1. Сыр өңірі тұрғындарын (тұтынушыларын) жыл бойына экологиялық таза және балғын өнімдермен тұрақты қамтамасыз ететін жылыжайлық кәсіпорындарға лимонның тікпе көшеттерін дайындау және өнім өндірудің инновациялық технологиясын енгізумен өңірдің лимон өндірісін жандандыру. Жетекшісі: Жанзаков М.М., а-ш.ғ.к., доцент.

2. Сыр өңірі тұрғындарын қызанақтың индетерминантты будандық (F_1) сорттарының экологиялық таза, балғын өнімдерімен жыл бойына тұрақты қамтамасыз ететін инновациялық технологияны жылу жүйесімен жабдықталған шағын және орта кәсіпорындарға енгізу және таратумен жылыжайлық өндірісті өркендету. Жетекшісі: Токтамысов Ә.М., а-ш.ғ.д.

3. Сыр өңірі тұрғындарын қиярдың индетерминантты түрлері мен будандық (F_1) сорттарының экологиялық таза, балғын өнімдерімен жыл

бойына тұрақты қамтамасыз ететін инновациялық технологияны жылу жүйесімен жабдықталған шағын және орта кәсіпорындарға енгізу және таратумен жылыжайлық өндірісті өркендету. Жетекшісі: Тохетова Л.А., а.ш.ғ.д., профессор.

Облыс әкімінің қолдауымен, «Ақпараттық технологиялар орталығы» және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Kyzylorda Hub» бизнес-инкубаторының ұйымдастыруымен өткен INNOFEST байқауына 2500 жас ниет білдіріп, 250-ге жуық команда қатысты. Жобада біздің «Болашақ» университеті ректорының гранттарын жеңіп алған «SmartCity» секциясы бойынша Скендір Жасұлар, «Контент&Дизайн» секциясы бойынша Бимұратова Гүлсезім Сәкенқызы бақ сынады. Сондай-ақ, Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторының ұйымдастыруымен өткен стартап жобалар байқауында жоғары оқу орнының білім алушылары Startap Joly vol.2 инкубациялық бағдарламасының Demo Day кезеңінде II-орынды иеленді. Инновациялық стартаптар мен кәсіпкерлік бастамаларды ресурстармен, біліммен және қолдаумен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған STARTUP JOLY инкубациялық бағдарламасы аясында ДЕМО ДАУ өткізіліп, осы сынға «Болашақ» университетінің «Құқықтану және қоғамдық пәндер» кафедрасының «Құқық қорғау қызметі» мамандығының 1 курс білімалушысы Сүндетова Әсел қатысып, жеңімпаздар қатарынан көрінді, арнайы сертификатпен марапатталды.

Университет білім алушылары спорттан түрлі деңгейдегі жарыстарда бақ сынап, жақсы нәтижелерге қолжеткізді. Оның ішінде, Қызылорда «Болашақ» университетінің студенті, Мажиев Исламның гір спортынан Өзбекстан Республикасы Хиуа қаласында өткен әлем чемпионатында жастар арасында 68кг салмақ дәрежесінде жұлқа көтеру жаттығуы бойынша әлем чемпионы атанғанын мақтаныш етеміз. Чемпионның университеттегі оқуына 100% жеңілдік жасалып, салтанатты түрде сертификат табыс етілді.

2023-2024 оқу жылын сәтті қорытындылай отырып, болашаққа нық қадам жасау жолында жоспарланған жұмыстарды ары қарай жалғастырамыз.

Қызылорда «Болашақ» университетінің ректоры Д.Б. Досманбетов